



Бекітемін
Мамбетбек Мамыраев атындағы
мектеп – интернат директоры:
А.Б. Божбанова
« 2 » қыркүйек 2024 ж

«Қазақтың ұлттық ойындары»

Үйірме жетекшілері: Есказинова Б.А.
Аманжолова А.С.

Үйірменің мақсаты: Ұлттық ойындарды үйрете отырып, оқушыларды өз елінің тарихын, мәдениетін, тілін, салт- дәстүрін бағалай білетін азамат тәрбиелеу, денсаулықтарын шыңдап, салауатты өмір салтын насихаттау.

Міндеттері:

- ойын арқылы қазақтың әдет- ғұрпынан деректер беру;
- ұлттық ойындарға қажетті құралдарды өз қолымен жасау арқылы оқушылардың еңбексүйгіштік, шеберлік қасиеттерін арттыру;
- оқушы бойына ұжымшылдық, өзара көмек, жеңіске ұмтылу сияқты қасиеттерді дарыту.

Күтілетін нәтижелер:

Ұлттық ойын арқылы балалар шыңдалады. Ұлттық ойын түрлерін, ойын шарттарын біледі, ойлау, көру қабілеттері дамиды, әдептілікке, ұйымшылдыққа, мергендікке, шапшаңдыққа, бірін-бірі сыйлауға үйренеді, ұлттық ойынға деген қызығушылықтары артады.

Алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білетін болады.

Үйірме бағдарламасының мазмұны

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар туралы түсінік беру.	1	
2	Тоғыз құмалақ. Ойын тарихы. Ережесі. Ойын ерекшеліктері.	1	
3	Ойын-сауық, тұрмыс-салт ойын түрлерімен таныстыру	1	
4	«Ұлттық ойындары – бабаларымыздан қалған асыл қазына» эссе	1	
5	«Алтыбақан» ойыны	1	
6	«Дауыста, атыңды айтамын» ойыны	1	
7	«Орамал тастау»	1	
8	«Ақ серек, көк серек».	1	
9	Тоғыз құмалақтан сайыс өткізу		
10	Ұлттық мұра-қазынам" ұлттық ойындар бұрышын ұйымдастыру	1	
11	"Қазақтың ұлттық ойындары. «Асық ату» ойынының шығу тарихы.	1	
12	Қазақтың ұлттық ойындары- халқымыздың асыл- мәдени мұрасы. Презентация	1	
13	Асықтың түрлері мен құрылысы	1	
14	Асық атудың түрлері.	1	
15	Асық ойындарының түрлері Ханталапай» ойынын үйрету	1	
	«Ханталапай» ойыны бойынша сайыс	1	
16	«Бес тас» ойынының ережесі	1	
17	«Асық ату» ойыны бойынша оқушылар арасында сайыс өткізу	1	

18	<u>Жануарлар дүниесіне, аңшылыққа байланысты ойындар</u>	1	
19	«Ұлттық ойын әлемінде» Ұлттық-спорттық сайысы	1	
20	Ұлттық ойындар көрінісі» Сурет көрмесі	1	
21	«Ұшты-ұшты» ойыны	1	
22	«Жаңылма» ойыны	1	
23	«Айгөлек» ойыны	1	
24	«Соқыртеке» ойыны	1	
25	«Білгенге маржан» сайыс	1	
26	Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарымен таныстыру	1	
27	«Арқан тартыс» ойыны	1	
28	Білектесу (қол күрес) ұлттық ойыны	1	
29	Ат ойындары. Атқа байланысты ұлттық ойын түрлерімен таныстыру	1	
30	«Теңге алу» ойыны	1	
31	«Көкпар» ойыны	1	
32	«Бәйге» ойынының ережесі	1	
33	«Салауатты өмір- көтеріңкі көңіл» қимыл - қозғалыс ойындарынан сайыс	1	
34	«Алтын қақпа» танымдық ойыны. Қорытынды	1	
Барлығы:		34	

«Қазақтың ұлттық ойындары» үйірмесіне қатысатын оқушылар
тізімі

№	Оқушылардың аты- жөні	Сыныбы
1	Төкен Ахмет	4 а
2	Серікбай Алихан	5 а
3	Оңдасын Санжар	6 ә
4	Маханбетше Нұртілек	6 ә
5	Рахымдолда Айбек	6 ә
6	Тукебаев Ерасыл	6 ә
7	Рахметолла Нұртілек	6 ә
8	Ерғали Дініслам	7 а
9	Жиенбай Ернар	8 ә
10	Қазжол Нұржол	8 б
11	Мағзұмұлы Аңсар	9 а
12	Рахымдолда Арман	9 а
13	Тукебаев Нұрасыл	9 а

14	Төлеу Нұрзаман	9 а
15	Қамысбаев Әділет	9 а

Мақсаты:

Оқушыларға тоғызқұмалақ ойынының тарихын таныстыра отырып, негізгі ережелерін үйрету, негізгі шарттарын түсіндіру арқылы логикалық ойлау қабілетін, математикалық амалдарды тез санау, ой- өрісін толық дамыту, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа, ұжымдылыққа, ұлттық рухта, сананы қалыптастыруға бейімдеу.

Барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Тоғызқұмалақ ойыны туралы мәлімет беру.

Тоғызқұмалақ ойынының ережесімен таныстыру.

Тоғызқұмалақ ойынын ойнату.

Қорытынды

Кіріспе: Тоғызқұмалақ шахмат, дойбы, нард тағы басқа ойындар секілді арнаулы тақтада ойналады. Әрі тоғызқұмалақтың тақтасы өзгеше, жоғарыда айтылғандардың бірде-біріне ұқсамайды.

Ойынның тарихы “тағдырын” зерттеген ғалымдар дәлелдегендей, тоғыз құмалақ бізге жеткенше көп өзгеріске ұшыраған. Бұл ойынды әуелде тақтаға емес, жер қазып-ақ ойнай берген секілді. Құмалақ орына нағыз қойдың құмалағын кептіріп пайдаланған. Ол кездегі тақталар бүгінгіге мүлдем ұқсамайды. Дәлірек айтсақ, тоғызқұмалақтың бүгінгі тақтасы үлкен өзгеріске ұшыраған және де тек түр жағымен емес, мазмұн жағынан да көп жетілді.

Тоғызқұмалақ ойынына арнаулы тақта пайдаланылады. Ойынға шахмат, дойбыдағы секілді екі адам қатысады. Әр ойыншының (тоғызқұмалақшаның) тоғыздан отауы болады. Отаулардың рет саны солдан оңға қарай белгіленеді.

Бүгінгі тоғызқұмалақ тақталары (авторы - Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпиондары Қазақстан спорт шеберлері, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушылар Әбілдә Ақшораев пен Серікбай Тілеубаевтар) ойынды жаңаша ойнауға мүмкіндік берді.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ЕРЕЖЕСІ

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі.

Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз.

Тақтаның жалпы құрылысы төмендегідей:



Бұл жерде - №1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9 - отаулар

Берілген диаграммада бастаушының отаулары төменгі жағында, ал қазандағы құмалақтар саны жоғарғы жағында орналасқан.


Жүріс жасау ерекшеліктері

Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны жеребемен немесе қарсыластардың келісімімен анықталады.

1. Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен біреуін орнына қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады. Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды құмалағы бар отауына түсіп (3 құмалақтан басқа), тақ қылса немесе өз отауымызға түссе, құмалақ ұтып алынбайды.

Мәселен, жоғарыдағы тақтадағы алғашқы жағдайда бастаушы №7 отаудағы 9 құмалағын таратса, соңғысы қарсыласының №6 отауына барып түседі және ондағы 9 құмалақ соңғы құмалақпен 10 болып, ұтып алынады және қазанға салынады.

Сол кезде тақтада төмендегідей жағдай қалыптасады.



2. Отаудағы жалғыз құмалақ көрші отауға жүргенде орны бос қалады.

3. Жүріс жасаған кезде отауларға құмалақ салмай немесе 2-3 құмалақ бөліп алып жүруге болмайды.

Тұздық алу ережесі


Тоғызқұмалақ ойынында құмалақтан басқа ойында бір рет қарсыластың отауын ұтып алуға да болады. Оны ежелде – “тұзды үй”, қазіргі тілде – тұздық деп атайды.

4. Тұздық алу үшін жүріс жасаған кезде, қарсыластың екі құмалағы бар отауына таратқан құмалағыңыздың соңғысын түсіру керек.


Сонда сол отауда қалыптасқан 3 құмалақпен бірге отау да ұтып алынып, ойынның аяғына дейін сіздің меншігіңізге айналады.

Енді жүріс жасалған сайын тұздық алынған отауға түсетін бір құмалақ, міндетті түрде сіздің қазаныңызға салынып отырады.

Тұздық алынған отауға арнайы белгі қойылады. Жазбаша түрде – X деген шартты таңбамен белгіленеді. Мәселен, төмендегі диаграммаға қарайық.



Осы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отаудағы 10 құмалағын тарату арқылы, соңғы құмалағын бастаушының №7 отауына түсіріп, ондағы 2 құмалақты үшеу етіп, осы құмалақтарды ұтумен қатар, осы отауға тұздық жариялайды. Сонда төмендегі жағдай қалыптасады.



Ендігі кезде бүкіл ойын барысында №7 отау – қостаушының меншігіне айналады.

5.Тұздық ойында бір рет алынады және №9 отаудан ешқашан алынбайды.

6.Тұздық аттас отаулардан алынбайды.


Мысалы, жоғарыдағы диаграммадағы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отаудан тұздық алды, енді бастаушы ойыншы ойын барысында бұл отаудан тұздық алуға қақысы жоқ.

“Атсырау” ережесі

Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы құмалақ таусыла бастайды. Әр құмалақ ұтып алынған сайын немесе тұздыққа түскен сайын қарсыластардың жүріс мөлшері кеми береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі.


7.Ойыншылардың бірінің отауларындағы құмалақты бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы – атсырау деп аталады.

8.Атсырауға ұшыраған ойыншының қарсыласы бұл жағдайда қосымша бір жүріс жасап, барлық құмалақтарды өз қазанына салып алады. Мысалы:




Осы тақтадағы жағдайда жүріс қостаушыдан. Ол №9 отаудағы 3 құмалағын таратады.

Өз кезегінде бастаушы №1 отауға түскен 1 құмалақты жүреді. Қостаушы №9 отаудағы жалғыз құмалақты 1 отауға салады.



Бастаушы кез келген отаудағы құмалақпен, мәселен, 6 отаудағы 2 құмалақтың бірін орнына қалдырып екіншісін 7 отауға көшіреді. Сонда төмендегіше жағдай туындайды:



Осы жағдайда бастаушы отауларындағы барлық құмалақтарды (23құмалақты) қазанына салып, ойынның есебін жүргізеді.

Есеп 88-74, бастаушы ұтты.

9.Егер “атсырау” жағдайында қосымша жүріс жүрілген кезде, құмалақтар амалсыздан қарсыластың отауларының біріне түсіп, жүріс беретін болса, ойын әрі қарай жалғаса береді.

Егер ойыншы ойын барысында 82 құмалақ жинаса ойын бірден тоқтатылады.